

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қарашадағы N 1119 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310 қаулысымен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңы 8-бабының 18) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 33, 357-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

10-тармақтың 31) тармақшасы "есеп және есеп беру нысандарын," деген сөздерден кейін "ветеринария саласындағы кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттауды жүргізу ережесін," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі